



БЕКІТЕМІН

«Жангір ханы атындағы Батыс Қазақстан азаматтық-техникалық университеті» ҚБАТ
басқарма төрағасы - ректор
А.М.Наметов
«26» _____ 2022 ж.

ҚЫЗМЕТ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ

**БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫ АУЫСТЫРУ, ҚАЙТА ҚАБЫЛДАУ
ЖӘНЕ ОҚУ НӘТИЖЕЛЕРІН ТАНУ ТУРАЛЫ**

СМЖ.08.КЕ.21

Басылым № 05
Дана № _____

Дайындаған: <u>22.08.2022ж</u>	Келісілді: <u>25.08.2022ж</u>	Енгізілді: <u>27.08.2022ж</u>
А.А. Бакушев <u>[Signature]</u> Ж.С. Муталова <u>[Signature]</u>	Ө.Б. Таубасв <u>[Signature]</u> Н.М. Губашев <u>[Signature]</u> М.Ж. Алмагамбетова <u>[Signature]</u> Е.Б. Ихсанов <u>[Signature]</u>	<u>18.09.2022 ж.</u> СМЖ.08.КЕ.21 орнына. Қайта қаралуы: <u>27.08.2025ж</u>

Мазмұны:

- 1 Мақсаты
- 2 Қолданылуы
- 3 Терминдер және қысқартулар
- 4 Жауапкершілігі және өкілеттілігі
- 5 Сипаттама
- 6 Құжаттама
- 7 Сілтемелер

Өзгерістер				
№	Енгізілген мерзімі	Беттер нөмірі	Дайындаушы	
			Тегі, аты, әкесінің аты	Қолы

1. Мақсат

Бұл қызмет туралы ереже Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университетіндегі (бұдан әрі университет) білім алушыларды ауыстыру, қайта қабылдау және оқу нәтижелерін тану туралы университет ішілік тәртібін айқындайды және жалпыға бірдей талаптарды қатаң сақтауды мақсат етеді.

2. Қолданылуы

Бұл ереже университеттің білім беру үдерісін, жоғары және жоғарғы оқу орнынан кейінгі білім берудің кәсіби оқу бағдарламаларын жүзеге асыратын, реттейтін барлық құрылымдық бөлімдеріне арналған.

3. Терминдер және қысқартулар

3.1 Терминдер

3.1.1 Бұл ережеде қолданылатын терминдер мен анықтамалар ҚР СТ ИСО 9001-2016 Сапа менеджменті жүйесі. Талаптарына сәйкес келеді. Жазбаларды басқару кезінде СМЖ.07.ҚР.01. Ақпараттарды құжаттау рәсімінде келтірілген терминдер пайдаланылады.

3.1.2 Үдерісті сипаттау кезінде келесі терминдер қолданылады:

Академиялық кезең (Term) - үш нысанның біреуін таңдайтын өз білім беру ұйымының еркімен белгіленетін теоретикалық кезең: семестр, триместр, тоқсан;

Препреквизиттер (Prerequisite) - оқылатын пәнді игеру үшін қажетті білім, икемділіктер мен дағдыларды қамтитын пәндер тізбесі;

3.2 Қысқартулар

3.2.1 Үдерісті сипаттау барысында орфография ережелерімен қарастырылған және СМЖ.07.ҚР.01 Ақпараттарды құжаттау рәсімінде келтірілген қысқартулар қолданылады.

3.2.2 Үдерісті сипаттау барысында сонымен қатар келесі қысқартулар пайдаланылады:

ҰБТ – ұлттық бірыңғай тестілеу;

СҚКО – студенттерге қызмет көрсету орталығы;

ЖЖОКБҰ – жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары

4. Жауапкершілік және өкілеттілік

Білім алушыларды ауыстыру мен қалпына келтіруді уақтылы ұйымдастыруға, сондай-ақ академиялық айырмашылықты анықтауға және оқу нәтижелерін тануға жоғары мектеп басшысы, институт директоры, тіркеу офісінің басшысы, академиялық мәселелер жөніндегі басқарма басшысы жауапты болады.

5. Сипаттама

5.1 Жалпы ережелер

5.1.1 Білім алушыларды бір білім беру ұйымынан екіншісіне, бір оқу нысанынан екінші нысанына, бір тілдік бөлімнен екінші тілдік бөлімге, бір білім беру бағдарламасынан екінші білім беру бағдарламасына, ақылы негізде оқудан мемлекеттік білім беру гранты бойынша оқуға ауыстыру жүзеге асырылады. Білім алушы жеке оқу жоспарына сәйкес меңгеріп жатырған бағдарламасының бірінші академиялық кезеңін толық аяқтап оқудан шығарылған болса, онда кейін қайта қабылдана алады немесе ауыса алады.

5.1.2 Білім беру гранты бойынша білім алатын студент басқа ЖЖОКБҰ-на білім беру грантын сақтай отырып, ауыса алады. Жекелеген ЖЖОКБҰ үшін бекітілген Білім беру гранты бойынша нысаналы орындарға, сондай-ақ бөлінген квота шегінде педагогикалық мамандықтарға түскен студенттер басқа ЖЖОКБҰ тек ақылы негізде ауыса алады. Студенттерді, магистранттарды және докторанттарды басқа ЖЖОКБҰ ұлттық ЖЖОКБҰ ауыстыру білім алушылардың білім беру грантының құнындағы айырмашылығын қосымша төлеу шартымен жүзеге асырылады.

Бұл ретте білім алушының ұлттық жоғары оқу орындары үшін қабылданғаннан төмен емес баллмен ҰБТ сертификаты және осы ұлттық ЖЖОКБҰ белгіленген ауысу балынан төмен емес үлгерімнің орташа балы (GPA) болуы тиіс.

5.1.3 Білім алушыларды ауыстыру немесе қайта қабылдау білім беру қызметімен айналысуға лицензиясы және (немесе) лицензияға қосымшасы бар, сондай-ақ білім беру саласы бойынша Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымына (ЭЫДҰ) мүше мемлекеттердің аккредиттеу органдарының тізіліміне және (немесе) қауымдастығына енгізілген ұлттық және (немесе) шетелдік аккредиттеу органдарының халықаралық мамандандырылған аккредиттеуі бар ЖЖОКБҰ-да жүзеге асырылады.

Уәкілетті орган білім беру қызметімен айналысуға арналған лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны тоқтата тұру, кері қайтарып алу және одан айыру, білім беру қызметімен айналысуға арналған лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны ерікті түрде тоқтатқан немесе ЖЖОКБҰ-ны тарату, аккредиттеудің қолданылуын тоқтата тұру, кері қайтарып алу немесе мерзімі өткен жағдайда білім алушыларды осы ЖЖОКБҰ-ға ауыстыруға тыйым салынады.

5.1.4 Студенттерді бір білім беру бағдарламасынан (ББ) екіншісіне ауыстыру тек ақылы негізде оқу үшін жүзеге асырылады. Ақылы негізде оқып жатырған білім алушыны университет ішінде бір білім беру бағдарламасынан (ББ) екіншісіне ауыстыру келісім-шартқа тиісті өзгерістер енгізумен жүргізіледі және ЖЖОКБҰ басшысының бұйрығымен ресімделеді.

Институтта меңгерілген кредитті қайта есептеу және академиялық айырмашылықты анықтау үшін сәйкес комиссия құрылады.

5.1.5 Білім алушыларды ауыстыру немесе қайта қабылдау кезінде олардың алдыңғы академиялық кезеңдерде оқыған оқу жұмыс жоспарларының пәндеріндегі академиялық айырмашылық айқындалады. Студент оқу жоспарының пәндеріндегі айырмашылықты тек ақылы негізде жояды. Оқу жоспарлары пәндеріндегі академиялық айырмашылықты жою тәртібі мен мерзімдері ағымдағы оқу жылына институт директорының ұйғарымымен ресімделеді және білім алушының жеке оқу жоспарына енгізіледі.

Белгіленген мерзімде жойылмаған пәндер айырмашылығы одан әрі академиялық қарыз ретінде ескеріледі.

5.1.6 Университет Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 8 шілдедегі № 471 қаулысымен бекітілген өмір бойы оқыту (үздіксіз білім беру) тұжырымдамасына сәйкес формальды және формальды емес білім берудің, оның ішінде микроквалификациялардың, нано-кредиттердің және өспелі дәрежелердің (Stackable degree) оқу нәтижелерін тануды (кредиттерді қайта есептеуді) дербес жүзеге асырады.

Алдыңғы формальды білім беру деңгейінің нәтижелері бойынша (техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі немесе жоғары білім базасында) оқыту нәтижелері (сағаттар, кредиттер) автоматты түрде танылады, игерілетін академиялық кредиттердің саны және оқу мерзімі қысқарады.

Университеттегі формальды емес білім беру формальды білім беру бағдарламаларының бөлігі болып табылмайтын ұйымдастырылған оқыту түрлерін қамтиды. Атап айтқанда, кәсіптік қайта даярлау бағдарламалары, қосымша білім беру бағдарламасы (minor), халықаралық және ұлттық платформалар базасындағы онлайн-курстар Coursera, EdX, Udacity, FutureLearn, Bilim Land, Open.kaznu.kz, Open.kz.

5.1.7 Техникалық және кәсіптік білім беру базасындағы білім алушы басқа мамандыққа ауысқан немесе қайта қабылданған жағдайда жоғары білім кадрларын даярлаудың ұқсас бағыттарына сәйкес келуге тиіс.

5.1.8 Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері қатарында әскери міндетін өтеуге шақырылған білім алушылар білім алу кезеңінде тиісті курсқа қайта қабылданады. Соның ішінде ЖОО-ны ағымдағы оқу жылында тапсыратын пререквизиттер тізімін анықтайды.

5.1.9 Білім алушылардың ауысу және қайта қабылдау туралы өтініштерін қабылдаушы білім беру ұйымының кезекті академиялық кезеңі басталғанға дейін жазғы және қысқы демалыс кезеңінде білім беру ұйымының басшысы қарайды.

Бұл ретте төтенше жағдай енгізілген, әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар туындаған жағдайда, соғыс уақытында, сондай-ақ, оқу еліндегі қарулы, әскери қақтығыстар жағдайында Қазақстан Республикасының азаматтарын, қандастарды шетелдік ЖЖОКБҰ-дан ауыстыру және қайта қабылдау оқу жылы ішінде жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы білім беру ұйымдарын және ӘАОО-ны қоспағанда, білім алушы қайта қабылдау кезінде оқудан шығарылған мерзіміне қарамастан кез келген ЖЖОКБҰ-ға ауыстырылады немесе қайта қабылданады.

5.1.10 Шартты түрде қабылданған білім алушылардан ауысу туралы өтініш ұлттық бірыңғай тестілеу (ҰБТ) өткеннен кейін келесі күні қабылданады.

5.1.11 Шетелдік ЖЖОКБҰ-лардан білім алушылардың ауысуы білім берудің тиісті деңгейі, білім беру саласы және қабылдау жылы бойынша мемлекеттік білім беру тапсырысы орналасқан және (немесе) Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымына (ЭЫДҰ) мүше мемлекеттердің білім беру саласы бойынша аккредиттеу органдарының тізіліміне және (немесе) қауымдастықтарына кірген ұлттық және (немесе) шетелдік аккредиттеу органдарының халықаралық мамандандырылған аккредиттеуі бар ЖЖОКБҰ-да жүзеге асырылады.

Білім алушы шетелдік білім беру ұйымынан ауыстырылған немесе қайта қабылданған кезде келесі құжаттарды ұсынады:

- меңгерілген оқу бағдарламалары туралы (академиялық анықтама, транскрипт) құжат;
- білім туралы құжаттарды тану және нострификациялау қағидаларында белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасында нострификациялау рәсімінен өтуі тиіс білім берудің алдыңғы деңгейін аяқтағаны туралы құжат.
- шетелдік білім беру ұйымдарына түсу кезіндегі түсу сынақтарының нәтижелері.

5.1.12 Шығармашылық даярлықты қажет ететін білім беру бағдарламалар тобынан басқа білім беру бағдарламалар тобына білім алушының ауысуы Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларына сәйкес белгіленген өту балынан төмен емес балы бар ұлттық бірыңғай тестілеу сертификатының болған жағдайда жүзеге асырылады.

5.1.13 Білім алушыны жоғары білімнің білім беру бағдарламаларының басқа топтарынан педагогикалық бағыттағы білім беру бағдарламаларына Білім беру ұйымдарына оқуға

қабылдаудың үлгілік қағидаларына сәйкес балы белгіленген шекті балдан төмен емес ұлттық бірыңғай тестілеу сертификаты болған кезде жүзеге асырылады.

5.1.14 Оқу ақысын төлемегені үшін оқудан шығарылған ақылы негізде оқитын білім алушы қарызын өтеген жағдайда, оқудан шығарылған күннен бастап төрт аптаның ішінде оқуға қайта қабылдана алады.

5.1.15 ЖЖОКБҰ білім алушыларды ауыстыру, оқудан шығару, қабылдау туралы шешім шығарылған сәттен бастап үш жұмыс күні ішінде "Ұлттық білім беру деректер қоры" ақпараттық жүйесіне тиісті өзгерістер енгізеді.

5.1.16 Қорытынды аттестаттаудан өтпеген білім алушы келесі оқу жылғы қорытынды аттестаттау басталғанға дейін бір айдан кем емес уақыт бұрын басқарма төрағасы-ректор атына қорытынды аттестаттауға қайта жіберу туралы өтініш жазады.

Кешенді емтихандарды тапсырмаған тұлғалар үшін аталған емтиханға шығарылатын пәндер тізімі білім алушының теоретикалық курсы аяқталған жылы болған оқу жоспарымен анықталады.

5.2 Үдерістердің кіріс және шығыс мәліметтерінің құрамы мен ресурстарға талап

5.2.1 Кіріс құжаттары болып білім алушыларды ауыстыру, қайта қабылдау және оқу нәтижелерін тану туралы нормативті құжаттар, білім алушылардың өтініштері табылады.

5.2.2 Шығыс құжаттары болып университет ішіндегі бұйрықтар, басқа ЖЖОКБҰ жіберілетін тапсырыстар табылады.

5.2.3 Білім алушыларды ауыстыру, қайта қабылдаудың және оқу нәтижелерін тану туралы үдерісіне қажетті уақыт пен еңбек сиымдылығына талаптар үдерісті әр кезеңге жауаптылармен оны жүзеге асыру барысында анықталынады.

5.3 Жұмысты жүзеге асыру тәртібі

5.3.1 Басқа ЖЖОКБҰ ауысып келу және қайта қабылдану тәртібі

Білім алушы егерде меңгеруге тиісті бағдарламаның бірінші академиялық кезеңін толықтай меңгерген болса ауысуына және қайта қабылдануына құқығы бар және келесідей жүзеге асырылады:

1. Білім алушы өзінің оқуын жалғастыруға ниет білдірген университеттің басқарма төрағасы - ректордың атына қайта қабылдау немесе ауысу туралы өтініш тапсырады.

Қабылдаушы ЖЖОКБҰ басшысының атына ауысу туралы өтінішке тіркелуі тиіс:

- оқу ісі жөніндегі проректор мен офис-регистратор қол қойған және мөрмен бекітілген транскрипт;

- Ұлттық бірыңғай тестілеуді немесе кешенді тестілеуді тапсырғаны туралы сертификат көшірмесі (бакалавриат үшін);

- түсу емтихандарын тапсырғаны туралы сертификат көшірмесі (магистратура және докторантура үшін);

- білім беру гранты иегерінің куәлігі көшірмесі;

- ЖЖОКБҰ басшысының ауысуға мөрмен бекітілген жазбаша келісімі.

Қайта қабылдау туралы өтінішке академиялық анықтама немесе транскрипт, ҰБТ сертификаты қоса беріледі.

2. Институт директоры ұсынылған құжаттардың дәлдігін, ауысу мерзіміне сәйкестігін тексергеннен кейін транскрипт/анықтама негізінде ауысу курсы анықтау үшін пәндер айырмашылығы мен меңгерілген пререквизиттерді анықтайды және тіркеу офисінің келісімімен білім алушының жеке оқу жоспары анықталады. Жұмыс оқу жоспары пәндерінің айырмашылықтарын жою тәртібі мен мерзімдері институт директорының ұйғарымы бойынша белгіленеді;

3. Институт директорының қолы қойылған, курсы мен тобы көрсетілген, бухгалтерияның қолы қойылған және мөрі қойылған өтініш (1-қосымша) және өтінішке қоса берілген жоғарыда көрсетілген құжаттар, қызмет көрсету туралы шарт (ақылы негізде ауысатындар үшін) оқу жұмысы жөніндегі проректорға жіберіледі, одан әрі басқарма төрағасы - ректордың рұқсатымен оқу орнына қабылдау туралы бұйрық шығады;

4. Бұйрық шыққан күннен үш жұмыс күні ішінде білім алушының бұрын оқыған ЖЖОКБҰ жеке іс құжаттарына жазбаша сұраныс жолданады.

Белгілі бір нақты себептерге байланысты ауысқан ЖЖОКБҰ жеке іс қағаздарды жібермесе, онда оған білім алушы өзі жауапкершілік артады және оқудан шығарылады;

5. Оқу жоспары пәндеріндегі академиялық айырмашылықты жою үшін білім алушы осы пәндерге жазылады, академиялық кезең ішінде оқу сабақтарының барлық түріне қатысады, ағымдағы, аралық және қорытынды бақылауды тапсырады.

Егер білім алушы көрсетілген мерзімде академиялық айырмашылықты тапсыра алмаған жағдайда, ол үлгермеген деп танылады және одан әрі жазғы семестрге жазылады;

6. Мемлекеттік білім беру гранты негізінде ауысып келген білім алушыларға оқу пәндеріндегі айырмашылықтарын академиялық кезең ішінде меңгеріп, қорытынды бақылауды тапсырғаннан соң шәкіртақы тағайындалынады.

7. Білім алушыны бір ЖЖОКБҰ екіншісіне білім беру гранты негізінде ауыстыру кезінде қабылдаушы ЖЖОКБҰ басшысы білім алушыны қабылдау туралы бұйрықтың көшірмесін оның атына жазылған білім беру гранты куәлігінің көшірмесімен бірге білім беру саласындағы уәкілетті органға және тиісті бюджеттік бағдарлама әкімшісіне ЖЖОКБҰ қаржыландыру көлемін түзету үшін ұсынады.

5.3.2 Басқа ЖЖОКБҰ ауысу тәртібі

5.3.2.1 Басқа ЖЖОКБҰ ауысқысы келетін білім алушы қабылдаушы ЖЖОКБҰ тарапынан мемлекеттік білім беру гранты негізінде немесе ақылы негізде білім беру бағдарламасы бойынша оқуға қабылдау мүмкіндігі туралы келісім - хатты және білім беру қызметімен айналысуға лицензиясы және (немесе) лицензияға қосымшасы бар, сондай-ақ білім беру саласы бойынша Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымына (ЭЫДҰ) мүше мемлекеттердің аккредиттеу ұйымдарының және (немесе) қауымдастығының тізіміне енгізілген ұлттық және (немесе) шетелдік аккредиттеу ұйымдарының халықаралық мамандандырылған аккредиттеуі бар көшірмесін ұсынуы тиіс, содан кейін басқарма төрағасы – ректордың атына ауысу туралы өтініш (2-қосымша) береді және ауысуға мөрмен бекітілген жазбаша рұқсатын алып, өзін қызықтыратын ЖЖОКБҰ басшысына жүгінеді.

Қабылдаушы ЖЖОКБҰ басшысының атына ауысу туралы өтінішке тіркелуі тиіс:

- оқу ісі жөніндегі проректор мен офис-регистратор қол қойған және мөрмен бекітілген транскрипт;

- Ұлттық бірыңғай тестілеуді немесе кешенді тестілеуді тапсырғаны туралы сертификат көшірмесі (бакалавриат үшін);

- түсу емтихандарын тапсырғаны туралы сертификат көшірмесі (магистратура және докторантура үшін);

- білім беру гранты иегерінің куәлігі көшірмесі;

- ЖЖОКБҰ басшысының ауысуға мөрмен бекітілген жазбаша келісімі.

Білім алушы оқыған ЖЖОКБҰ транскриптің көшірмесі және жіберілетін құжаттардың тізімдемесі қалады.

5.3.2.2 Білім беру гранты бойынша білім алатын студент білім беру грантын сақтай отырып, өз қалауынша басқа ЖЖОКБҰ ауысады.

Білім алушының ауысуы кезінде қабылдайтын ЖЖОКБҰ даярлау бағытын және білім беру бағдарламасының бейінін, сондай-ақ білім алушының оқу жетістіктерін ескереді.

5.3.2.3 Жекелеген ЖЖОКБҰ үшін бекітілген білім беру гранты бойынша нысаналы орындарға, сондай-ақ бөлінген квота шегінде педагогикалық мамандықтарға түскен студенттер басқа ЖЖОКБҰ тек ақылы негізде ғана ауысады.

5.3.2.4 Мемлекеттік грант бойынша оқитын білім алушының бір ЖЖОКБҰ екінші ЖЖОКБҰ бір курсқа төмен ауысуы тек қана ақылы негізде жүргізіледі.

5.3.3 Бос білім беру грантына ауыстыру ережесі

5.3.3.1 Білім алушыны ақылы негізден мемлекеттік білім беру гранты бойынша оқуға ауыстыру білім алу процесінде босаған білім беру гранттарын игеру арқылы жүзеге асырылады.

5.3.3.2 Босаған бос білім беру гранттарына ауыстыру жазғы және қысқы каникул кезеңінде, сәйкесінше 5 тамыз бен 25 қаңтарға дейін конкурстық негізде бар бос орындарға мынадай тәртіппен жүзеге асырылады:

1. Тіркеу офісі институт директорымен бірге босаған бос білім беру гранттары туралы білім алушыларға ақпарат береді, сонымен қатар босаған бос білім беру грант орындары жөнінде ақпарат сайтқа орналастырылады;

2. Ақылы негізде оқитын білім алушы басқарма төрағасы - ректорының атына одан әрі білім беру гранты бойынша оқуға өтініш (3-қосымша) береді;

3. Білім алушының өтініші конкурстық негізде университеттің Ғылыми кеңесінде қарастырылады. Конкурсты өткізу кезінде ең басты көрсеткіш ол - оқу үлгерімі (GPA), егер үлгерімнің орташа балы бірдей болған жағдайда, басым құқыққа А, А- («үздік») ие, содан соң барлық оқу кезеңінде А, А- («үздік») және В+, В, В-,С+ («жақсы») дейінгі бағалар, бұдан әрі – аралас баға алған білім алушылар қарастырылады.

5.3.3.3 ЖЖОКБҰ кадрларды даярлау бағыттары, курстар мен білім беру бағдарламаларының топтары бөлінісінде GPA балын көрсете отырып, босаған гранттарға үміткерлердің деректерін ұйымның сайтында (білім беру порталында) орналастырады;

5.3.3.4 ЖЖОКБҰ ғылыми кеңестің шешімі негізінде тиісінше ағымдағы жылғы 5 тамызға және 25 қаңтарға дейінгі мерзімде босаған білім беру гранттарына үміткерлердің тізімін білім беру саласындағы уәкілетті органға шешім қабылдау үшін жолдайды. Тізімге білім алушы өтініші, ғылыми кеңестің шешімінің көшірмесі, білім алушының транскриптінен үзінді, оның жеке басын куәландыратын құжатының көшірмесі және ЖЖОКБҰ-дан шығарылған білім беру гранты иегерінің куәлігі (төлнұсқа) қоса беріледі;

5.3.3.5 Білім беру саласындағы уәкілетті орган келіп түскен құжаттарды білім беру бағдарламаларының топтары, оқуға түскен жылын ескере отырып, оқу нысаны мен мерзімі бөлінісінде қарайды және шешім оң болған жағдайда босаған жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру грантын беру туралы бұйрық шығарады (білім беру бағдарламаларының топтары бойынша үміткерлер болмаған жағдайда жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім алу процесінде босаған білім беру гранттары даярлық бағытының немесе білім беру саласының ішінде қайта бөлінеді);

5.3.3.6 Білім беру саласындағы уәкілетті органның бұйрығы мен білім беру грантын беру туралы берілген куәлік негізінде басқарма төрағасы – ректор білім беру грантына ауыстыру туралы бұйрық шығарады.

5.3.4 Курстан курсқа ауысу ережесі

5.3.4.1 Білім алушыны курстан курсқа ауыстыру жазғы емтихан сессиясының қорытындысы (аралық аттестаттау) бойынша және жазғы семестрдің нәтижелерін ескере отырып, алынған орташа үлгерім балдары (GPA - Grade Point Average) негізінде жүзеге асады.

5.3.4.2 Білім алушының ЖЖОКБҰ белгіленген ауысу балынан төмен емес үлгерімнің орташа балына (GPA - Grade Point Average) қол жеткізуі білім алушыны курстан курсқа ауыстырудың міндетті шарты болып табылады.

Білім алушыны курстан курсқа ауыстыру басқарма төрағасы – ректорының бұйрығымен рәсімделінеді.

5.3.4.3 Белгіленген ауысу балына қол жеткізген және келесі курсқа ауыстырылған білім беру гранты бойынша білім алушы академиялық қарызы бар болған жағдайда білім беру грантын сақтай отырып, сол пәнді ақылы негізде қайта оқып, академиялық қарыздарын жоюы тиіс.

5.3.4.4 Белгіленген ауысу балын жинамаған білім алушы қайта оқу курсына қалдырылады. Ол үшін білім алушы өтініш (4-қосымша) білдіреді және бұрын қабылданған жеке оқу жоспары бойынша оқытылуы немесе жаңа жеке оқу жоспарын қалыптастыра алады.

5.3.5 Академиялық айырмашылықты анықтау ережесі

5.3.5.1 Пәндердегі академиялық айырмашылықты және алдыңғы білім беру деңгейлерінің нәтижелерін тануды қабылдаушы білім беру ұйымы айқындайды және оқуға қабылдау немесе қайта қабылдау кезінде, басқа ЖЖОКБҰ-нан ауыстыру кезінде, сондай-ақ формалды емес білім беру шеңберінде қол жеткізген жетістіктерін есепке алу кезінде жүзеге асырылады. Оқытудың қол жеткізілген нәтижелерін растайтын құжаттар: диплом қосымшасымен, білім алушының транскрипті, сертификат немесе оқуды аяқтау туралы куәлік болып табылады.

Әрі қарай оқу курсы пререквизиттерді есепке ала отырып айқындалады.

5.3.5.2 Ауыстыру, қайта қабылдау кезінде қол жеткізілген оқу нәтижелері, білім алушының оң бағалары академиялық кредиттерді бір ББ-дан екіншісіне, бір білім беру ұйымнан екінші білім беру ұйымына ауыстыру арқылы танылады;

5.3.5.3 Барлық академиялық кредиттер және білім алушының формальды және формальды емес білім берудегі алған оқу нәтижелері бүкіл өмір бойы жиналады.

5.3.5.4 Институтта академиялық айырмашылықты анықтау және оқу нәтижелерін тану үшін комиссия тобы құрылады. Комиссия төрағасы болып институт директоры тағайындалады, ал оның мүшелері болып жоғары мектеп басшылары мен жетекші ПОҚ сайланады, комиссия хатшысы болып эдвайзерлер табылады.

5.3.5.5 Комиссияның шешімі хаттамамен рәсімделеді (5-қосымша). Оқыту нәтижелерін тану туралы комиссия отырысының хаттамасынан үзінді көшірмесін және әрбір білім алушы бойынша кредитті қайта есептеу кестесін эдвайзер оқу пәндерін транскриптке енгізу үшін арналған отырыстан кейін үш күн ішінде Тіркеу офисына тапсырады. Хаттама көшірмесіне формальды емес білім беру құжаттарының көшірмелері қоса беріледі. Хаттама негізінде өкім жасалады (6-қосымша).

Комиссияның міндетіне игерілген кредиттерді қайта есептеу, пәндердің академиялық айырмашылығын анықтау, олардың көлемі, алған білімдері, құзыреттері мен дағдылары, сондай-ақ Дублин дескрипторлары негізінде оқыту нәтижелерін салыстыру кіреді.

Алдыңғы деңгейлерде алынған оң бағалар қол жеткізілген оқу нәтижелері ескеріле отырып танылады. Пәндердің атауы мен көлеміне мән берілмейді.

5.3.5.6 Оқу пәндері бойынша игерілген кредиттерді қайта есептеу кезінде қорытынды бақылау нысанындағы айырмашылық ескерілмейді. Қажет болған жағдайда комиссия әңгімелесу жүргізеді және балдық-рейтингтік әріптік жүйеге сәйкес баға қояды.

Егер білім алушының академиялық айырмашылықтың кредит саны осы курс кредиттерінің жылдық санының 50% -нан болған жағдайда, білім алушы сол курсына қабылдана алады.

Егер білім алушының академиялық айырмашылық кредиттерінің саны 50% немесе одан көп пайызын құраса, онда білім алушы төменгі курсқа қабылданады.

Егер білім алушы ұқсас мамандыққа ауысса, онда пәннің мазмұнына назар аудару қажет, яғни пәндердің мазмұны бойынша сәйкестік 80% -дан кем болмауы керек.

5.3.5.7 Мемлекеттік емтихан қорытынды бақылауы болып табылатын "Қазақстан тарихы" пәнінің оқу нәтижелерін тануға сұрау салынған жағдайда, үміткер қол жеткізілген оқу нәтижелері сәйкес келген жағдайда тікелей қорытынды бақылауға жіберілуге құқылы.

5.3.5.8 Комиссия білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау жүйесіне сәйкес баға қоя отырып, формальды және формальды емес білім беру шеңберінде игерілген оқыту нәтижелерін таниды. Егер транскрипте (дипломға қосымшада) қорытынды бақылаудың бағасы "сынақ" ретінде көрсетілсе, онда оның орташа мәні 7-қосымшадағы 1-кестеге сәйкес анықталады.

5.3.5.9 ELTS 4.0 немесе одан жоғары балл жинаған студенттер "ағылшын тілі" пәні бойынша кредиттерді қайта есептеуге (7-қосымша, кесте.2) сәйкес үміткер бола алады.

5.3.5.10 Қажет болған жағдайда Комиссия ұсынылған құжаттардың түпнұсқалығын тексереді: қорғау дәрежелерінің болуы (су белгілері, ультракүлгін қорғаныс), білім алушының жеке кабинеті арқылы онлайн-курс сертификатын алуды тексеру, құрылтайшылар арқылы тікелей тексеру (мысалы, IELTS IDP:IELTS Australia немесе British Council).

5.3.5.11 Формальды және формальды емес білім беру шеңберінде алынған кредиттерге сағат көлемін қайта есептеу мынадай есептен жүргізіледі:

- техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру базасында - 1 кредит 24 академиялық сағатқа тең;
- жоғары білім базасында - 1 кредит 30 академиялық сағатқа тең;
- формальды емес білім беру сертификаттары немесе куәліктері -1 кредит 30 академиялық сағатқа тең.

5.3.512 Білім алушы пән бойынша бағалауды арттыру мақсатында пәнді оқыту нәтижелерін танудан бас тартуға құқылы, мұндай жағдайда ол осы пәнге жазылады, сабаққа қатысады, балл алады және қорытынды бақылауды тапсырады.

5.4 Үдерістің сәйкестендірілген тәуекелдері

№ п/п	Тәуекел деңгейі	Тәуекелді алдын-алу бойынша шаралар
1	Белгіленген мерзімде академиялық айырмашылықты тапсырмау	Директорат және тіркеу офисі тарапынан бақылау
2	Ұйымдастыру шараларын уақытылы өткізбеу	Білім алушыларды ауыстыру, қайта қабылдау және оқу нәтижелерін тану үшін жауапты тіркеу офисінің инспекторын оқыту

5.5 Нәтижелілік критерийлері

Тұтынушының 95%-дан кем емес деңгейде қанағаттануы

5.6. Үдерісті басқару және мониторинг (бағалау) әдістері

Оқу жұмысы жөніндегі проректоры тарапынан бақылау.

6. Құжаттама

Білім алушының өтініші

Академиялық айырмашылық ұйғарымы

Білім алушының жеке іс құжаттары

7. Сілтемелер

Қазақстан Республикасының «Білім туралы заңы». 27 шілде 2007 жыл №319;

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің 2018 жылдың 30 қазанындағы №595 бұйрығымен бекітілген Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары;

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің 2011 жылдың 20 сәуірдегі №152 бұйрығымен бекітілген Оқу процесін оқытудың кредиттік технологиясын ұйымдастыру ережесі;

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 600 бұйрығымен бекітілген Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидалары;

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 23 қаңтардағы №58 қаулысымен бекітілген «Бакалавр» немесе «магистр» дәрежелеріне берілетін жоғары немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білім алуға ақы төлеу үшін білім беру грантын беру ережесі»;

ҚР СТ ИСО 9001-2016 Сапа менеджментінің жүйелері. Талаптар;

«Жәңгір хан атындағы БҚАТУ» ҚеАҚ-ның 2019-2023 жылдарға арналған даму бағдарламасы;

Жәңгір хан атындағы БҚАТУ Жарғысы;

СМЖ.07.ҚР.01 Ақпараттарды құжаттау;

СМЖ.08.ҚЕ.06 Ішкі тәртіп ережелері.

Басқа ЖЖОКБҰ ауысқан жағдайда

Жәңгір хан атындағы БКАТУ
басқарма төрағасы-ректоры

ТАӘ _____
толық мекен-жайы мен байланыс
телефондары

ӨТІНІШ

Сізден, маған _____ университетінен _____ білім беру бағдарламасы бойынша _____ курсқа мемлекеттік білім гранты/ақылы негізде ауысуыма рұқсат сұраймын.

Келесі құжаттары қоса тіркеймін:

1. Транскрипт;
 2. ҰБТ (КТ) сертификатының көшірмесі;
 3. Мемлекеттік білім гранты куәлігінің көшірмесі/Білім беру қызметін көрсету бойынша келісім шарт;
 4. Академиялық айырмашылықты анықтау ұйғарымы;
 5. Түбіртек және т.б.
- Күні, қолы

Қайта қабылданған жағдайда

ӨТІНІШ

Сізден, мені _____ білім беру бағдарламасы бойынша _____ курсқа ақылы негізде оқуға қайта алуыңызды сұраймын.

Келесі құжаттары қоса тіркеймін:

1. Анықтама;
2. Білім беру қызметін көрсету бойынша келісім шарт;
3. Академиялық айырмашылықты анықтау ұйғарымы;
4. Түбіртек және т.б.

Басқа ЖЖОКБҰ ауысқан жағдайда

Жәңгір хан атындағы БКАТУ
басқарма төрағасы-ректоры

_____ білім беру бағдарламасы,
_____ курсы, _____ тобы, грант/ақылы
негізде оқитын білім алушы ТАӘ

толық мекен-жайы мен байланыс
телефондары

ӨТІНІШ

Сізден, маған _____ жағдайыма байланысты
ауысу себебі

_____ университетіне _____ білім беру бағдарламасы
ЖОО атауы толық жазу
бойынша _____ курстан мемлекеттік білім гранты/ақылы негізде ауысуға рұқсат
сұраймын.

Күні, қолы

*Білім беру бағдарламасынан басқа білім беру бағдарламасына ауысқан
жағдайда*

ӨТІНІШ

Сізден, мені _____ білім беру бағдарламасынан _____ білім
беру бағдарламасының _____ курсына ақылы негізде ауыстыруыңызды сұраймын.

Келесі құжаттары қоса тіркеймін:

1. Транскрипт;
2. Білім беру қызметін көрсету бойынша келісім шарт;
3. Академиялық айырмашылықты анықтау ұйғарымы;
4. Түбіртек және т.б.

Бос білім беру грантына ауыстыру бойынша

Жәңгір хан атындағы БКАТУ
басқарма төрағасы-ректоры

_____ білім беру бағдарламасы,
_____ курсы, _____ тобы, ақылы негізде
оқитын білім алушы ТАӘ

толық мекен-жайы мен байланыс
телефондары

ӨТІНІШ

Сізден, мені _____ білім беру бағдарламасы бойынша _____
курсынан босаған білім беру грантына ауыстыруыңызды сұраймын.

Келесі құжаттары қоса тіркеймін:

1. Транскрипт;
2. Жеке куәлік көшірмесі.

Күні, қолы

4-қосымша

Қайта оқу курсына ниет білдірген жағдайда

Жәңгір хан атындағы БКАТУ
басқарма төрағасы-ректоры

_____ білім беру бағдарламасы,
_____ курсы, _____ тобы, ақылы негізде
оқитын білім алушы ТАӘ

толық мекен-жайы мен байланыс
телефондары

ӨТІНІШ

Сізден, мені _____ курс оқу жоспарын толық орындамай, курстан курсқа өту
балын жинамағаным үшін _____ білім беру бағдарламасы бойынша
_____ курсына қайта оқуға қалдыруыңызды сұраймын.

Келесі құжаттары қоса тіркеймін:

1. Қайта оқу курсының жеке оқу жоспары;
2. Келісім-шарт.

Күні, қолы

«Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті» КеАҚ

№ _____ ХАТТАМА

« _____ » _____ 20 _____ ж.

Қабылдау кезінде формальды, формальды емес білім беру нәтижелерін тану
Комиссиясының отырысы**Комиссия құрамы:**

Төрағасы / төрайымы: _____

Мүшелері: _____

_____**КҮН ТӘРТІБІ**1. _____ білім беру
/ шифрі, атауы /бағдарламасы бойынша _____
/білім алушының аты-жөні/**формальды білім беруде қол жеткізілген оқу нәтижелерін тану.****Комиссияға қарауға білім алушының оқу нәтижелерін алғандығын растайтын құжаттар ұсынылды:**

ТЫҢДАЛДЫ:

Комиссия _____

/білім алушының аты-жөні/

ұсынылған құжаттар негізінде оқу нәтижелерін _____

_____ білім беру бағдарламасының
/ шифрі, атауы /

_____ ж. оқу жұмыс жоспарымен салыстырып анықтады.

2. _____ білім беру
/ шифрі, атауы /бағдарламасының _____ пәні бойынша
/пән атауы/білім алушы _____
/білім алушының аты-жөні/

формальды емес білім беруде қол жеткізілген оқу нәтижелерін тану.

Комиссияға қарауға құжаттар ұсынылды:- білім беру бағдарламасының білім беру компоненті бойынша қорытынды бақылау ретінде
формальды емес білім беру арқылы алған оқу нәтижелерін тану жөніндегі білім алушының**ӨТІНІШІ;**

- оқу нәтижелерін растайтын құжаттар:

_____*(Көрсету қажет: құжаттың атауы, нөмірі және берілген күні, құжатты берген ұйымның атауы, ұйымның сайтына сілтеме, курстың атауы, курс көлемі, қол жеткізілген нәтижелері)*

ТЫҢДАЛДЫ:

Комиссия _____

/білім алушының аты-жөні/

формалды емес білім беру арқылы алынған оқыту нәтижелерін растайтын құжаттарды талқылап, білім алушының алған құзыреттерінің _____

білім беру бағдарламасы

/шифрі, атауы /

пәні

/пән атауы/

калыптастыратын құзыреттерге сәйкестігін салыстырды.

Комиссия шешімі:

1. _____ білім беру

/шифрі, атауы /

бағдарламасы бойынша _____

/білім алушының аты-жөні/

формальды білім беруде қол жеткізілген оқу нәтижелері төмендегідей (кестеге сәйкес) танылсын және білім алушы ____ курстың ____ семестріне қабылдансын:

№	Университетте жоспарланған білім беру компонентінің атауы	Кредит саны, ECTS	Семестр	Білім алушының оқу нәтижелері	Кредит саны, ECTS	Шешім /қабылдансын, игерілсін/
1						
2						
3						

2. Формалды емес білім беру арқылы алынған оқыту нәтижелерін растайтын құжаттар негізінде білім алушы _____

/ аты-жөні/

алған құзыреттері _____

білім беру бағдарламасы

/шифрі, атауы /

калыптастыратын құзыреттерге **ТОЛЫҒЫМЕН СӘЙКЕС** деп бекітілсін.

3. Формалды емес білім беру арқылы алынған оқыту нәтижелері

_____ білім беру бағдарламасы

/шифрі, атауы /

пәні

/пән атауы/

бойынша қорытынды бақылау ретінде **ТАНЫЛСЫН**. Баға қойылсын _____**Комиссия құрамының қолдары:**

Төрағасы /Төрайымы: _____

Мүшелері: _____

Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті
институты

Ұйғарым

№ _____

« _____ » _____ 201__ ж.

Орал қаласы

Академиялық пәндер бойынша айырмашылықтары жойылсын.

Студенттің аты-жөні _____

Білім беру бағдарламасы, шифры _____

Курс _____, семестр _____, к/б GPA _____

(Себебін көрсету: басқа оқу орнынан ауысу, академиялық демалыстан шығу, қайта қабылдау, мамандықтан мамандыққа ауысу)

№	Пән атауы	Компонент атауы	Кредит саны	Постреквизит пән атауы	Аралық бақылауды тапсыру мерзімі		Қорытынды бақылауды тапсыру мерзімі	Оқытушының аты-жөні, тегі
					басталуы	аяқталуы		
1								
2								
3								

Барлығы _____ кредит

Жалпы курста _____ кредит

Ұйғарымды енгізген:
Институт директоры

Келісілді:
Тіркеу офисінің жетекшісі

1- Кесте Білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалауды анықтау шкаласы

Дәстүрлі жүйе бойынша бағалау	Пайыздық мазмұны %	Орташа мәні
«Өте жақсы»	100 – 90	95
«Жақсы»	89 – 70	80
«Қанағаттанарлық»	69 – 54	62
«Сынақ»		80
«Сынақ» (үздік диплом үшін)		90

2 - Кесте – IELTS сертификатының ұпайларын бағалауға аудару шкаласы

CEFR Level	Overall Band Score	Әріптік жүйе бойынша бағалау	Балдардың сандық эквиваленті	Пайыздық мазмұны %	Дәстүрлі жүйе бойынша бағалау
C1	8.0	A	4	100%	Өте жақсы
	7.5	A	4	95%	Өте жақсы
	7.0	A-	3,67	90%	Өте жақсы
B2	6.5	A	4	100%	Өте жақсы
	6.0	A	4	95%	Өте жақсы
	5.5	A-	3,67	90%	Өте жақсы
B1	5.0	A	4	100%	Өте жақсы
	4.5	A	4	95%	Өте жақсы
	4.0	A-	3,67	90%	Өте жақсы



УТВЕРЖДАЮ
Председатель правления - ректор
НАО Западно-Казахстанского
аграрно-технического университета
имени Жантти хана

А.М. Нымытов
« 26 » 2022 г.

ПОЛОЖЕНИЕ О ДЕЯТЕЛЬНОСТИ
О ПЕРЕВОДЕ, ВОССТАНОВЛЕНИИ ОБУЧАЮЩИХСЯ
И ПРИЗНАНИИ РЕЗУЛЬТАТОВ ОБУЧЕНИЯ

СМК.08.ПД.21

Редакция № _____
Экземпляр № _____

Разработано: 27.08.2022 г. Бакушев А.А. Мугалова Ж.С.	Согласовано: 25.08.2022 г. Таубаев У.Б. Губашев Н.М. Алмагамбетова М.Ж. Ихсанов Е.Б.	Введено: 27.08.2022 г. Взамен: СМК.08.ПД.21. от 18.04.2022 г. Пересмотр 27.08.2025 г.
---	--	---

Содержание

- 1 Цель
- 2 Применение
- 3 Термины и сокращения
- 4 Ответственность и полномочия
- 5 Описание
- 6 Документация
- 7 Ссылки

Изменения				
№	Дата введения	Номера страниц	Разработчик	
			ФИО	Подпись

1. Цель

Это Положение о деятельности уточняет внутривузовский порядок о переводе, восстановлении обучающихся и признании результатов обучения Западно-Казахстанского аграрно-технического университета (далее университет) и ставит целью строгое соблюдение всеобщего порядка.

2. Применение

Настоящее положение действительно для всех структурных подразделений университета, реализующих, координирующих образовательный процесс, профессиональные учебные программы высшего и послевузовского образования.

3. Термины и сокращения

3.1 Термины

3.1.1 Термины и определения, применяемые в настоящей процедуре, соответствуют ИСО 9001-2016 Системы менеджмента качества. Требования. При управлении записями системы менеджмента качества используются термины, приведенные в процедуре СМК.07.ДП.01 Документирование информации.

3.1.2 Во время описания процесса используются следующие термины:

Академический период (Term) – теоретический период, определяющийся своей организацией образования, позволяющей выбрать один из объектов: семестр, триместр, четверть;

Пререквизиты (Prerequisite) – знание, необходимое для освоения дисциплины, список дисциплин, включающий компетенцию и навыки;

3.2 Сокращения

3.2.1 При описании процесса используются сокращения, предусмотренные правилами орфографии и приведенные в процедуре СМК.07.ДП.01 Документирование информации.

3.2.2 А также используются следующие сокращения для описания процесса:

ЕНТ – единое национальное тестирование;

